

Болашақтың баға жетпес байлығы

**Жазира Күлбаева,
Тұңғыш Президенттің
тарихи-мәдени
орталығының директоры.**

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің негізін салушы, болашақты алыстан болжай білетін, кемел ойдың иесі, сонымен қатар, еліне халқына шынайы қамқорлық жанашырлық жасай білетін стратег саясаткер Нұрсұлтан Назарбаев сияқты әлемдік саясаткер, дана басшы, тарихи тұлғаны бүгінгі күні әлемдік көшбасшылардың өзі мойындап отыр. Осындай пікірмен еліміздің қоғамтанушы ғалымдары және қарапайым қазақстандықтар да келіседі деп ойлаймын. Алаш ардақтыларының бірі Әлихан Бөкейханов: «Осы күнде істеп жүрген ісіміз, қылған жұмысымыз, мінез – құлқымыз тарих болып қалады. Кейінгілерге ғибрат аларлық үлгі тастап кетіп, алғыс, рахмет алармыз ба? Кеудесінде көзі бар адам көп ойланарлық жұмыс. Тарих – түзушіліктің кітабы. Тарих тіршілікте көшбасшы дейтініміз – осы» деп толғанғандай, тарихын түзу жаза білген халықтың болашағы да зор болмағы анық. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері ұлттық сананы көтеру, елдік мүддені ұлықтау ісіне бір кісідей жұмылуда. Мемлекеттілікті тұғырлы ету мәселесі тарихи танымды орнықты ету ісімен де тығыз байланысты. Сондықтан тәуелсіздіктің белестерін тарихи таныммен зерделеу әрі оны өскелең ұрпақ санасына сіңіру – өте қастерлі іс. Бұған дәлел Елбасы Тәуелсіздіктің елең-алаңында – ақ ұлт тарихы жайлы ұлағатты ой айтты. Мәселен, 1996 жылы халыққа Жолдауында: «Біз тарихымызды жаңаша оқытудың негізінде ғана ұлттық идеяны қалыптастыра алуымыз мүмкін», – деді. Ұлттық тарихқа стратегиялық тұрғыдағы өзінің көзқарасын мемлекет басшысы 1999 жылы «Атамұра» баспасынан жарық көрген «Тарих толқынында» атты кітабында қазақтың арғы-бергі тарихын әлемдік тарихпен және бүгінгі күннің мәселелерімен сабақтастыра отырып баяндап, өзіне тән кемел ойлы кеменгерлікпен толымды ойлар толғаған болатын. 2003 жылы, Қазақстан халқына Жолдауында да Президент Н. Назарбаев бұрын-соңды болып көрмеген «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын бастайтынын жариялаған еді. 2012 жылғы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында Елбасымыз: «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек» деп атап көрсетті. Осы жылғы маусым айының 5-інде Астана қаласында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Марат Тәжиннің төрағалығымен өткен ұлттық тарихты зерделеу бойынша ведомствоаралық жұмыс тобының отырысы Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері айтылып келе жатқан Елбасы бастамаларының жарқын жалғасы болып табылады. «Біздің тарихнамамыз өзінің әдістемелік және тілдік құралын қатты өзгертуге тиіс. Қазақстанның тарих ғылымының алдында нақты сынақ тұр, ол сынақтың жауабын табуға әбден-ақ болады» деген Мемлекеттік хатшы ұлттық тарих мәселелерімен талайдан және нақтылы айналысып жүрген мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Халық тарих толқынында» деген атпен тарихи зерттеулердің арнаулы бағдарламасын жасауды ұсынғанын жеткізді. Міне, осы тақырыптағы мемлекеттік мә-



селеге байланысты Теміртау қаласындағы Тұңғыш Президенттің тарихи – мәдени орталығында да ХХ ғасырдың 60-80-ші жылдар аралығындағы Қарағанды облысындағы жас жұмысшы – металлургтің мемлекет басшысына айналуы, өсуі, жетілуі үдерісін дәріптеу мақсатында тарихи ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Бұл ғылыми-іздістіру жұмысына кезінде Елбасының өзімен бірге жұмыс жасаған, оқыған қызметтес-достары Орталық Қазақстандағы еңбек етіп, өсіп өркендеген өмір жолы туралы көптеген құжаттық деректер, фотосуреттер, жазба және бейне таспалар жинағын жинастыруда көптеп көмек көрсетуде. Сонымен қатар, орталықтың ғылыми зерттеу бөлімі қызметкерлерінің ат салысуымен Қарағанды облыстық мұрағаты мен кітапханаларының қор жинақтау құжаттарынан, Теміртау қалалық және Қарағанды металлургия зауытының мұрағаттары, кітапхана қорларындағы Елбасымыздың біздің облысымыздағы еңбек жолын бастауы, сонымен бірге саяси өсіп жетілуі жайлы көптеген дереккөздерін іздеп тауып, алдағы кезеңде екі кітап етіп шығару басты мақсатымыз болып отыр. Әр дәуірдің өз ұлы тұлғасы болатындығы тарихтан әу бастан-ақ белгілі. Міне, соны болашақтағы өскелең ұрпақ санасына сіңіру бүгінгі күннің баға жетпес байлығы екенін әсте естен шығармауымыз керек. Өйткені, бір кезеңдерде келешек ұрпақтарымыздан Елбасымыз жайында дәуір сауалы туындап, ол кісінің кім болғандығы туралы тарихи дәйектердің де керектігін осы бастан ойлап көптеген мәліметтер жинақтау, бүгінгі күнде үнемі атқаратын негізгі міндетіміз болып табылады. Нұрсұлтан Назарбаевтың өмірі мен қызметі – ауылдан шыққан қарапайым ғана азаматтың әлемдік деңгейдегі, аса көрнекті мемлекет қайраткері, реформатор мәртебесіне дейін көтерілу жолының үлгісі болса, екіншіден, Елбасының тікелей қатысуымен Қазақстан қантөгіссіз, шығынсыз бұрынғы Кеңестер Одағының құрамынан шығып, дамудың эволюциялық жолын таңдауы арқылы халықаралық қауымдастықтың толық мүшесіне айналуы бүкіл еліміз үшін өнеге. Сөйтіп, Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушы және елін азаттық алуының алғашқы күндерінен бері басқарып келе жатқан, атағы алысқа жайылып, беделі жер шарын шарлаған, тұлғасы жеке дара шың тәрзіді заңғар озық ойлы әлемдік аренадағы саяси қайраткер болып қалыптасуы отандық және шетелдік саясаттанушылар мен тарихшылардың зерттейтін, жазушылар мен журналистердің бірден-бір қалам тербейтін тақырыбына айналғалы қашан. Осының бәрі де Елбасының әлемдік және төл тарихымыздағы нағыз жазуға тұрарлық осы дәуірдің лайықты тұлғасы екендігінде емес деп кім айта алады? Өзінің көрегенді Көшбасшы екендігін, әлдеқашан танытып үлгерген осындай кемеңгер Елбасымызбен көзінің тірісінде-ақ мақтана алатынымыз – айқын да анық шарт болуы тиіс. Өйткені, біздің әрбір өткен күніміз тарих парақтарынан өз орнын, өз бағасын ала отырып болашаққа аманат ретінде жетуі керек. Сонымен солай дей отырып, орталықтың ғылыми – зерттеуі мен іздістіру жұмыстарының арқасында жақын күндері төмендегідей тақырыптардағы екі кітаптың кешенді жинақталуының есбебінен, Елбасы өмірінің 1960-1979 жылдардағы Қарағанды облысындағы кезеңдерін қамтитын (баяндамалар, хаттар мен хаттамалар, анықтамалар, жарыссөздер, хабарламалар жиынтығы) «Қарағанды облысындағы Н.Назарбаевтың еңбек еткен жылдары» және «Тұңғыш Президенттің тарихи – мәдени орталығы» атты кітаптар жинағы басылымға дайындалып қойылған. Бұл екі кітаптың да мән – мағынасы мемлекеттік қызыметте жүріп қаладағы, облыстағы басшы ұйымдардың жұмысын, дамытудағы өзінің әлеумет пен саясатқа және мәдениет пен экономикаға қосқан үлесінің Орталық Қазақстандағы кездері және тигізген теңдесіз еңбектері жайында баяндалады. Орталығымыздың мұражайындағы мұрағаттық құжаттар, көрнекті жәдігерлер, сонымен бірге Елбасы қорынан жинақталған кітаптар қоры, өзінің құндылығы жағынан таптырмастай дүниетанымдық, ғылыми – зерттеу және іздістіру жұмыстарының кешенді – нысаны болып табылады. Сол үшін де, қазақ тарихында Тәуелсіздік шежіресі Елбасы Н.Назарбаевтың кемел ойлы кемеңгерлік келбеті кең де келісті жазылуы шарт. Бұл дегеніміз –бүгінде әлемдік қауымдастықтан өз орнын ойып тұрып алған мемлекет мерейін, қазақ атын алысқа асқақтатқан ұлы тұлға екенімен біз қазақ мақтануымыз да,

шаттануымыз да қажет. Тәуелсіз егемен мемлекеттің өмірінде үшінші онжылдық басталды. Осы жылдар ішінде расында да ғасырларға тең жолдан өтіппіз. Ойымызды жинақтайтын кез жетті. Қазақстанның өтпелі кезеңінің ерекшелігі неде еді, қалыптасқан мемлекет дегеніміз не, нақты тәуелсіздіктің негізгі белестері қандай, қандай қауіп – қатерлерден өттік, қоғамның экономикалық, саяси және мәдени жүйесі қалай құрылды? Осы сұрақтардың бәріне дәйекті әрі анық жауап беру – ғалым-тарихшылардың, саясаттанушылардың кәсіби қоғамдастығының міндеті - деп атап өтті. Мемлекеттік хатшы Марат Тәжин. Ұлттың тарихын ұлықтап жазу – ұлы міндет! Сәтімен жазылған шынайы ұлт тарихы шындықтың шырайын ашып, ұлттық рухты асқақтатуға, ұлттық сананы қалыптастыруға, отаншыл отты сезімді оятуға, мемлекеттік бастаманы насихаттауға – еліміздің ертеңі жас ұрпақтың елшілі, мемлекетшілі тұлға болып жетілуіне игі ықпал етері сөзсіз.

Теміртау қаласы.